

Х.А. Шимшек*

*Кастамону университеті, Кастамону, Түркия
(E-mail: simsekahmet@hotmail.com)*

Мәулевилік тариқаты

Мақалада Мәулана Жалаладдин Руми философиясы және оның сопылықтың дамуына, әлемдік мәдениетке ықпалы қарастырылған. Руми ілімі Құдайды және ішкі ақиқатты іздеуді махаббат, кішіпейілділік және Құдаймен бірігу арқылы жүретін жол деп санаған. Оның ілімдері эгоны жеңуге, жүректі ашуға және рухани ағартуға, әсіресе дервиштердің биі арқылы, медитация, музыка және поэзия арқылы қол жеткізуге бағытталған. Румидің сопылық мистицизмі Шығыс пен Батыс арасындағы екі діннің мәдени байланыстарын күшейту және шиеленісті қатынастарды жоюға бағытталған. Сонымен қатар, әлемдегі ислам-христиан диалогының маңызды элементі болып табылады. Өзінің жоғары көркемдік формасы мен адамгершілік құндылықтардың терең жалпыадамзаттық мазмұнына толы Жалаладдин Румидің поэтикалық сопылық шығармашылығы жалпы мұсылман мәдениетінің ғана емес, әлемдік мәдени мұраның да маңызды элементіне айналды.

Кілт сөздер: Руми, сопылық, руханият, махаббат, эго, медитация, дервиштер, құдайлық, ақиқат, Мәулана ордені.

Kipicne

«Тариқат» термині араб тілінен аударылғанда мұсылман сеніміндегі бір-біріне байланысты екі түрлі мағынаны білдіреді, оның біріншісі — ізделінетін жол», — деп түсіндіреді проф. Л. Массигнон [1] және бұл тақырыптағы ойын төмендегіше жалғастырады:

«Тариқат» сөзі алғашында рухани жан дүниесі мол әрбір адамға жол көрсетуді мақсат тұтқан бір моральдық-психологиялық әдіске сай келеді. Яғни, ол Тәңірге баратын жолды көрсетіп қана қоймай, сонымен бірге Тәңірінің анықтаған заңдарын (шариғат) Тәңірі растығына (Ақиқат) жеткенге дейін түгелдей жүріп шыққанда әртүрлі кезендерден өтеді дегенді меңзейді. IX және X ғасырларда Гунейт, Халлас, Сараж, Кускари, Хужриви есімді ұлы сопылар осы бағыттағы рухани шейхтер болып саналады».

Екінші мағынасындағы тариқат сөзін XI ғасырдан өмір сүре бастаған тариқат жүйесіндегі әртүрлі мұсылмандар арасында ортақ мақұлданған рухани өмірдің байлығы деп түсінеміз. Ақырындап кеңейтілген «дәруіш үйі» сөзімен синонимдес, ортақ бір шейхтің қолдауымен жеке принцип ретінде құрылған ортақ бір өмірді көрсетеді. Бұл дәруіштердің үйлерінің біріне байланысты көбінде үйлі-баранды мүшелерінің белгілі бір уақытта анда-санда болса да, өмірлерін бір рет бір теккеде (кесенеде) өткізуін қажет деп санайды. Біздің тақырыбымыз христиандардың тариқатымен ұқсас жағдай десек те болады.

Ең алғаш тариқат б.д.д. XII ғасырда Абдулкадир Гейланидің басшылығымен Бағдатта құрылған. Кадирилер исламиетте, Үндістанда оның мүшелері айрықша көп болатын.

Біршама уақыттан кейін Шехабеддин Сухревердің (1144-1234) ұйымдастыруымен Сухревердие тариқаты құрылған. Шехабеддиннің шәкірттері арасында ақын Саади де бар еді.

Шазелие тариқатын Нуриддин Ахмет Шазели (1196-1258) Солтүстік Африка өлкелерінде құрған болатын. Бұл тариқат Мысыр, Солтүстік Африка және Сирияда ерекше кең қанат жайды.

Мәулеви тариқаты Желаледдин Руми тарапынан Түркияда құрылған, бірақ, бұл тарихаттың нағыз құрушысы үлкен ұлы Сұлтан Велед болатын. Мәулевиліктердің тарихы мен салт дәстүріне кейіннен кеңінен тоқталамыз. Түпнұсқа, яғни, мүшелеріне айналған дәруіш (семазен) айтылған белгілі сема мейрамы. Бұған да кейін кеңінен тоқталатын боламыз.

XIII ғасырдан бастап діни тариқаттар айрықша көбейді. Тариқат мүшелерінің әрқайсысы біршама ойшыл болып қалыптасты және ғибадат сияқты әртүрлі жұмыстарға, тариқаттың жиналыстарына қатысуға міндетті еді.

* Хат-хабарларға арналған автор. E-mail: simsekahmet@hotmail.com

Сопылық кітаптары әр теккеде сәйкестендірілген тәртіпті ашық және өзіне шартсыз бағынуы керек деп шешті. Шейхтің қызметі сабақтарды рухани мұқтаждықтарға және шәкірттердің мүмкіншіліктеріне қарай белгілеуі тиіс еді. Бірақ, Шейх пен жаңа талапкер сопы арасындағы қатынастар «шәкірт шейхіне» байланған кісідей деп суреттеуге болатындай деңгейге жетті. Бұл жерде рухани бір «ауамен» демалған адамдардың иждихаттарына сай болған әдістің үйретілуі ғана емес, сонымен қатар рухани бір әсердің жеткізілуі және тек қана Пайғамбарға дейін ұзаған бір тізбектің ұсынушысы ғана бере алатын ерекше қасиеті бар ағым негізгі тақырып еді. Негізінде бұл төренмен (қуаныш) қабылданған шен құжат, бешпент немесе шапанның киілуімен белгіленген. Шәкірт «шейхтің баласы» делінеді. Және бұл шәкірттер өз араларында бір-бірін Алла ғашықтығы үшін сүйген бауырлар болып табылады. Өз қандасынан да жақын бір рухани араласуымен бір-біріне жақындаса түседі. Әр сопы, осылайша, мешітте қауымы бөлінбес бір бауырмалдық құрады, ең төменгі мүшесіне дейін өзін ең үстіндегі, жоғарғысындағына бағынышты екендігін сезінеді: араларындағы осы байланыс ешқашан үзілмейді, өйткені, бұл рухтардың Алла жайындағы берілген анты. Әбу Саид ибн Абулхайыр былай дейді:

«Бірі батыста, бірі шығыста болғандықтарына қарамастан, бір-бірінің сөздерінен қуаныш, бақыт, күш, қайрат алады, сонынан ерген ұрпақтары өзінен алдыңғылардың сөздерінен сабақ алады және жандары жай табады».

Әбу Саид ибн Абулхайырдың теккесіндегілердің (кесенесіндегілердің) жазбаша түрде баяндаған теккеге тиесілі бұйрықтары, өзіне қатысты тәртіп жүйесі және семазендердің тариқатының құрылуынан шамамен 2 ғасыр бұрын ұсынған маңызды міндеттері төмендегідей:

1. Өздерін және киімдерін әр уақытта таза ұстау;
2. Мешітте немесе басқа да бір киелі жерге бос әңгіме үшін жиналмаулары;
3. Намаздарын жамағатпен бірге оқу;
4. Түнгі ибадаттарына көп көңіл болу;
5. Таң бозарған уақытта Алладан кешірім сұрау және жалбарыну;
6. Таңғы уақыттарда қолдарынан келгендерінше Құран оқу және күн шықпастан бұрын сөйлеспеу;
7. Ақшам намазы мен құптан намазы арасында біраз дұғамен шұғылдану;
8. Кедейлер мен жарлыларды жақсы қарсы алу және оларға қызмет көрсету қиындықтарына сабырмен қарау;
9. Бір-бірімен бөлісуде артық ештеңе жемеу немесе алмау;
10. Бір-бірінен рұқсат сұрамастан, бір жерден кетіп қалмау.

Айрықша, бос сағаттарында мына үш жұмыстың біреуіне көңіл бөлсін: я дін тәрбиесімен; я біраз сопылық ұмтылысын; я болмаса бірінің мұңын бөлісу үшін жиналсын.

1. Мәулеви тариқатындағы чиле

1.1 Жалғыз қалушылық (азап)

Жалпы, Исламда жалғыз қалу (халвет) 40 күн жалғасады. Бірақ, Мәулевиерде чилеге кіргісі келген бір дәруіш мың бір күн теккеде қалады. Рұқсатсыз бұл жерден басқа бір жерге бара алмайды және бұл заңға қарсы көрсетілген әрекеті оған чиледе өткен уақытын жоғалтып, қайтадан басынан бастауға тура келтіреді. Үш жылға жуық бір уақыт бойынша Мәулеви шәкірт қиын өмір сүреді. Басқа «тариқаттарда» шейх рухани «дәрежесіне» қарай шәкіртке Алланың есімдерінің бірін үйретеді. Бірақ, Мәулана Желаледдин Румидің дәруіш үйінде жаңа шәкіртке, оның көкіректігін басу үшін — жерлерді сыпыру, дәретханаларды тазалау, дәруіштің аяқ-киімдерін жөндеу сияқты шаршататын және мезі қылатын жұмыстар береді. Шәкірт бұл жұмыстарды бағынушылықпен, адал әрі шын жүректен орындауы қажет, көңілі толсын-толмасын әр уақытта «Аллаға шүкіршілік» деп және дәруіштер үйіндегі өзінен бұрын келгендерге үлкен құрмет көрсету керек. «Чилекеш» (азап шеккен) делінген бұл халветке (жалғыз қалушылық) тартылған адам күні бойы жұмыс істеп, тек ақшам намазынан кейін ғана тынығатын. Өзіне тиесілі бір күркеде кереует пен көрпесі болмаса да ұйықтайтын; өте суық болса да, тек қана үстіне шапан жамыла салатын және оны кие алмайтын. Дәруіштер үйінде Мейданшы есімді күркелерге жауапты бір кәрі адам дәруіштерді таң атпастан бір сағат ерте оятуға міндетті етеді. Мешіттің шамдарын жағатын, содан кейін бәрі бірге азан оқитын.

Чиледегі бір шәкірт қателескенде немесе өзінен жоғары біреуге құрмет көрсетпей, қорланатындай артық нәрсе жасап қойса, шейх барлық дәруіштердің көзінше көкіректігін басу үшін аяғына ауыртпай он немесе жиырма рет дүре соғып, оны осылайша жазалайды.

Барлығы бірге бір дастарқан басында бөлектенбей тамақ жейтін. Дәруіштер аз тамақты тойып жеу үшін көңілі жайланбайтындай ыңғайсыз отырып және барлығы бір табақтан жейтін болған.

Біраз басқа бір шейхтар сияқты Мәулана шәкірттеріне тіленіп, қайыр сұрауға рұқсат бермейтін. Пайғамбарымыздың: «Таза абыройларыңды сақтаңыздар, себебі қолдарыңнан жұмыс істеу келеді» дегендігін олардың есіне түсіріп, мынаны да қосатын: «Әркім өз еңбегімен ғана аз болсын, көп болсын өз өмірін жалғастыра алады; кім саудамен айналыса алады. Қайсыбірі жазушылықпен немесе тамақ пісіру арқылы маңдай терімен өмір сүріп, күнін көре алады. Кімде-кім бұл жолды ұстамаса — оның бір тиын да құны болмайды». Бір дәруіштің үш күн аш қалмайынша, ешбір садақаны қабылдамауы да заңның бір тармағы еді.

1.2. Намаз және ораза

Діни жорамалдарда дүниеге бет бұруды немесе босандықты құп көрмеген Мәулана діннің әмірлеріне толығымен мойынсұнуды қалаған және былай деген:

«Сіздің ибадат істеріңізді бағынушылықпен орындауларыңызды, бұл үшін талпынуларыңызды сұраймын. Өйткені, Пайғамбарымыздың сүннеттерінің ең кішкентай бір бөлігі де көзге көрінбеуі және тыс қалуы да мүмкін».

Азаншының даусы Мәулананың құлағына жеткен кезде құрметпен орнынан тұрып, былай деген екен:

«Рухтарымызға жарық берген сенсің, атың мәңгілік үзілмейтін болсын!».

Осы қызметте болған бір кісі жастардың тон киіп, пештер мен тандырлардың жанында суықта, қыстың қатал бір кезінде Мәулана медресесінің шатырына шығып, азанға дейін ол жерде мыңдаған кешірім сұрап, жалбарынып, түнгі намаздарын оқығандарын айтады. Таңғы намазды оқығаннан кейін ғана шатырдан түскен екен. Мүбәрак аяқкиімдерін шешкен кезімде, ораза ұстаудан әлсізденген хәлінде ол өкшесіндегі жыртықтардан қан тамшылап, ал достары жылап тұрған еді, – дейді [2].

«Руханият ғашықтарының тыңдалуы, демалуы шаршауда; олар үшін қазына машақатта, тыныштық ізденісте».

Аңызға қарағанда, Мәулана моншаға кірген бір күні өзіне-өзі көзі түсіп, денесінің арықтағанын байқап, өкінішпен былай дейді:

«Бүкіл өмірімде ешкімнен ұялмадым, бірақ, бүгін өз денемнен ұялып тұрмын. Себебі ол: «Маған бір күн де тыныштық, рахат бермедің», – деп, кім біледі «хәл» тілімен нелер айтып, нелер айтпай, жасырып, «жүгіңді таси беруім үшін мені де еш тыныш қоймадың; бір түн болса да дем алып, қуаттануыма еш мүмкіндік бермедің», – деп қаншама зар иледі екен? Бірақ мен не істейін? Менің тыныштығым — оның қиналуында емес пе? Менің бір күн жаным жай тапса — рухым еш демалмас» [2; 309].

Сопылар үшін намаздың терең мағынасы не? Бір күні Мәуладан былай деп сұрапты: «Аллаға жақындау үшін намаз ибадатынан басқа, қысқа жол бар ма?» Ол былай деп жауап береді:

«Жоқ, бірақ намаз, тек қана сурет емес. Сурет намаздың бір бастауы, бір соңы бар. Бірақ, намаздың рухы шартсыз және шексіз, не басы бар, не соңы бар. Бұл жағдайда намаздың өзі жалғыз түр емес. Намаз тәңірде жоқ болуға және өзінен кетуге бір дайындық. Барлық суреттері сыртта қалып, ол кезде тап-таза бір рух болған жебірейіл үшін де рухта орын болмайды» [3].

1.3. Айну (кедейлік)

Бір дәруіш Мәуладан былай деп сұрайды: «Шын дана кім?» Ол былай деп жауап береді: «Ешбір қиындықтың таза мінез-құлқын шиеленістірмеген адам — дана. Себебі, былай бұйырылған: Дана адам айнымайды. Оған келген былғанған нәрселер тұрады» [2; 250].

Бұл жағдайда дәруіштің тамаша тепе-теңдікті мінез-құлқы ортаға шығаруы керек. Ефлаки аңыздарында Мәулана үнемі мынадай ұсынысты қайталайды:

«Сізге достарыңыздың істеген жамандықтары түсіндіріледі; оларға қайырымды бол және шын ниетіңмен жетпіс рет жорамалда; оларды жорамалдауда және түсіндіруде толығымен әлсізденген уақытыңызда өз-өзіңізге жамандықты істеген мұның сырын біледі деп ойлаңыз және мәселені жапсаңыз, доссыз қалмайсыз. Қатесіз дос іздеген доссыз қалады».

Дәл осылайша, бүтін дүние заттарынан айну да зор іс. Ақшаның Мәуланаға бір тіксіну тудырғаны көрінеді және ол алған нәрселерін біреуге беруге асығатын.

«Ғашықтықтың белгісі деген ол — ең жақсы нәрселер және ең жақсы көретін нәрселеріңмен бөлісу» [2; 347].

2. Тариқаттың тарихы

Мәулана Желаледдин Румидің заманында маңайынан табылған шәкірттер тобы дұрыс бір тариқат болып саналмайтын. Тек Сұлтан Велед басшылыққа алған кезден бастап шын тариқат болып құрылды.

Шәкірттерден басқа, теккеде болмаған және чилеге (азап) кірмеген өте көп тариқат достары бар, олардың біразы семаға және Месневи дәрістеріне қатысатын.

Сопыларды біріктірген бауырмалдық достық — өлімнен кейін де жалғасатын және оның естелігі шәкірттерінің ең мәнсізі үшін де терең бір құрметті сезім оятып, көрсетіп өтетін. Мәулананың әкесінің бас аспазшыға, кейін Мәуланаға және ең соңы Сұлтан Веледке де ғасырлар бойы жалғасқан құрметтерінің жолдары да осындай. Аңызға қарағанда, отты жағып, дәруіштерге тамақ дайындау үшін керек отынның қалмағанынан бас аспазшы өзі отқа түсіпті. Бірақ, аяқтары да жанбай кері шыққан екен. Оған «Отты ата» депті. Бүкіл Мәулеви аспазшыларында сол уақыттан осы уақытқа дейін пештерінің үстіне былай деп жазылады: – «Ей, хазіреті ұлы отшы». Кешкі тамақтан кейін, шам жағылған уақытта, Мәуладан кейін оған мақтау сөздер арнайтын [4]. Кония маңайында табылған оның қарапайым мешіті әлі күнге дейін зиярат орны болып саналады.

Тариқаттың шейхі жасырын, ешкімге айтпастан халифаны тағайындайтын. Тағайындалған халифаның өмірде болған ескі шейхтің орнына өтуі мүмкін емес еді. Мәулана тірі кезінде Хусамеддин Челебиге теккені ұйымдастыруы үшін өз орнына өту мүмкіндігін берген. Мәулана өлгеннен кейін бұл мүмкіндік мұрагері болған ұлына берілді.

Мәулевилердің киімдері «сикке» делінген бір киізден жасалған бас киім, «теннуре» деп аталатын жеңсіз, ұзын көйлек, «дестегүл» атты жеңі бар костюм, белдеме және жәкеттен құрылған бір шапаннан тұрады.

Кониядағы Мәулевилердің алғашқы теккесі басқалары құрылғаннан кейін орталыққа айналдырылған. Ол жерде бұрыннан біраз бөлмелер бар болатын. Кейіннен дәруіштер үшін кішкене бөлмелер, сема үшін үлкен бір зал қосылған. Бұл теккеге астана-уль-Хузур, хузуре-пир (бардың бастаушысы, пірдің барлығы) делінген. Екі түрлі текке болады: ең маңыздыларын «астана» дейтін. Халветі істейтіндер мен дәруіштердің дәріс алатын жерлері осы жер. Қалғандары «завие» деп аталатын.

Түркияда, Сирия мен Мысырда он астана, Стамбулда бес мәулихана, жетпіс алты завие бар. Мәулананың астанасы мәулевилер «Валиде Сұлтан» (Сұлтандардың анасы) дейтін. Ұстазымыздың анасы Қараман зевиеcін құрған. Анадолының барлық қалаларында ерекше мәулевиханалар бар еді. Мәулана заманында тариқат ерікті болатын. Конияда қасиетті орталығы бар. Бірақ, кішкене қалаларда тариқаттың тармақтары немесе теккелер де болатын.

Мәулана халыққа өте жақын еді. Бауырмал, адамгершілікпен, кешіріммен қарау сияқты адами қасиеттерді тариқатына негіз етіп алды. Дәруіш топтары ең кішкентай ауылдарға барып, халыққа жәрдем беретін, олармен бірге сема істейтін және кедейлер олардың арқасында жоқшылықтарын ұмытатын. Әйелдер де қоғам үшін жаңа құбылыс болған бұл төренге қатысатын. Әйелдер теккесі жоқ, бірақ кейбіреулерінің еркек немесе әйел шәкірттері бар еді. Сұлтан Веледтің қызы Шериф Хатун біраз шәкірттерге ие және Ариффе Хосмеке атты кониялық бір әйелдің де таңдаулы еркек шәкірттері болған.

XVI ғасырдан бастап тариқаттың ерекшелігі өзгерді, яғни орталықтандырылды. Нақ осы кезеңнен кейін ең маңызды теккелер әмірлер мен шахзадалар тарапынан құрылды. Сазгер әрі ақын Сұлтан III Селім (XVIII ғ.) Мәулеви ақын Шейх Галибке шексіз қайран қалатын және неймен (музыкалық аспап) айтқан көптеген шығармалары да оның еңбегі болатын. Тариқат бұл шақта өзінің өркендеу шегіне жеткен.

1925 жылы Ататүріктің жарлығымен барлық тариқаттар жабылды. Халеп теккесі барлығының орталығы болды. Бүгінгі күні ескі теккелер мұражайға айналдырылған. Мысырда, Кипр мен Ливияда бүгінгі күнге дейін Мәулеви орталықтары бар.

3. Тариқаттың әсері

Түрік империясы кең, үлкен бір жерге ие еді. Мәулеви музыкасының, семасының және өлеңдерінің әсерлері Әзербайжаннан Венаға дейін жетті. Мәулананың немересі Емир Арф Челеби атасының тәрбиесін мүмкіндігінше барлық өлкелерге жаюға тырысты. Ғасырлар бойы ең ұзақ өлкелерде теккелер құрылды және бұл жерлерде әр түрлі тілдерге аударылған Мәулеви мен оның түрікше болжамдары оқылатын. Бұл үшін парысша білетін біреудің қажеті де жоқ еді. Басшылар

отбасы бұл мәулеви шығармаларынан ғанибет жақсы әсер алатын. Өзі де ақын болған Сиван басшысы Коды Бурханеддин Мәуланаға арнап мақтау сөздер жазады. XV ғасырдан бастап классикалық түрік әдебиетінен басқа, ерекше айырмашылығы бар бір мистикалық әдебиет пайда болды. Ибрахим мырза, Сұлтан Диван Жусуп Сине Чалы, Арзи ата, Шейх Галиб, Есрар ата, Жаңақалалы Авни мырза сияқты ақындар бұл әсердің арқасында маңызды ақындыққа иеленді. Бұл ақындар XVI ғасырдан бастап мистикалық терминдерін қолдана бастады. Мистикалық музыкалары да әдебиет сияқты толығымен классикалық дүние болатын. Тарикаттың өнер түсінігі сурет және ежелгі хат жазу үлгісі бойынша да дәл осылайша үлкен бір әсер қалдырды. Кониядағы Мәулана мұражайы бұл тақырыптағы ақиқат бір қазына дерліктей. Месневидің алтын жіппен нақышталып, жазылған алғашқы қол жазуы да осында.

Тарикаттың өте ерекше жағдайларын шамалы да болсын көрсету мақсатымен, тарихшы-жазушы Ефлакиден алынған кейбір анекдоттарды айтпасақ болмайды. Ғұламаларға байланысты асыра сілтеушілікке қарамастан бұл аңызда сол кезден алынғандығы сезілген және Фиореттидікі сияқты жанды портреттер сызғанда біршама ерекшеліктер де орын алған (Мәулана 17 жасар кезінде өлген Франчанс д. Ассисе мен Мәулана арасында онсыз да мейлінше ұқсас ерекшеліктер бар). Бұл ұқсастықты мына мейірімді сөздерден таба аламыз:

Бір күні достарының бірі медресенің қабырғасына шеге қағады. «Бұл бөлме шейхіміз Шамседдинге тиесілі», – деді Мәулана. «Ол жерге шеге қағудан қорықпайды ма? Мұны істеуден, яғни шеге қағуын тоқтатсын, ол шеге менің жүрегіме қдалып жатқандай» [2; 23].

Маурисе Баррис атап айтқанындай, тарикат мүшелері «тарикат құрушысының барлық уақыттарға көңіл бөлгенін естеріне сақтайды және ғасырлар бойы ұрпақтан-ұрпаққа жалғастырады». Мәулананың кісілігі оның тарикатына өшірілмейтін терең бір әсердің мөрін басты.

Бұл түсіндірмелердің біраз қиындық тудыратын сикырларына қарамастан, оның ортағасырға тиесілі нәзіктігі, Мәулананың ақылды, алғыр қабілеті, күнделікті оқиғалар тақырыбындағы жанды білімі мен діни білімін біріктірген психологиялық ой-тұжырымдары Алланың берген күш-қуатын және айрықша, басқаларға ұқсамайтын бақытының бұлағы бұл жеңілтектікті қайдан тапқанын білмеймін. Уақыты келгенінде мысқылшы да бола алады: «Бұл түн сен үшін бар тілегіммен Құранды түгел оқыдым» деген біреуге, тек қана мынандай деп айта аласың: «Мақұл, бірақ сен қалай өлмедің?».

Сөзін жүргізе алатын адамдарға салықалы, кедейлердің арасында қарапайым болуды білетін. Оның жасаған істерінде әрдайым баршылық пен тіршілік иелерін, әсіресе, әлсіздерді, яғни балаларды, жамандықтан құтылғысы келген әйелдерді, хайуандарды бауырына қысқандай нәзіктік пен тәтті мейірімділік сезімімен баурайтын. Бір күні балалардың ойнайтын ауласынан өтіп бара жатады. Балалар оны байқап қалып, оған қарап жүгіре бастайды. Бір бала: «Тоқтандаршы, мен де келемін!» деп айқайлайды. Мәулана бала келгенше күтеді.

«Ол заман оған қарсы тәкәппарлық, менмендік көрсетілген кез еді; Оны қабылдамай, бас тартатын; Оған қарсы сот ашып, сотта оның музыкасына тиым салуларына байланысты шешімдер қатты дауыспен оқылатын», – деп түсіндіреді Ефлаки.

Негізінде мәулевилердің атақты семасы қатаң наразылықтарға тап болған, бірақ жалпы адамдарға жайлы болғандықтан да қоғамды, ортаны өздеріне қаратқан. Алғашында дұшпаны болып, кейіннен, сема белгісін ойында тасыған құқықшы шейх Шемседдин Мардинидің де жағдайы былай болған. Ол: «Ант-су ішейін — бұл ыстықтық Аллаға арнап теспих етеді («Субханааллах» сөзін сөйлеумен Аллаға тағзым ету) және кімде-кім бұл сема арам десе — ол адамның өзі арамза» [2; 321].

Мәулананың кешірімділігі өте жоғары дәрежеде екендігі соншалық, сема ауласына кіріп, сүйіктісінің жамалын ойлаған бір күні, кенеттен, мас адам семаға кіріп, көпшілікті үркітіп, жынды сияқты Мәуланаға қарай атылады. Ол жердегілер оған жаман нәрселер істейді. Сонда Мәулана: «Шарап ішкен — ол мас адамның қылығын жасаған сіздер!», – деп [2; 193], оларға ренжіген екен.

Барлық тіршілік иелерін терең бір бауырмалдық сезіммен түсінетін. «Ағаштарға дейін мені танып, сәлеміме жауап береді» дейтін. Бірде достары кішкене көлдің жағасында шеңбер құрып отырыпты.

Ефлаки түсіндіретін: «Шейхіміз нұр дариясында ойға шомылып, басқа дүниемен байланысты түсініктерді аузына алып отырыпты. Кенеттен құрбақалар құрылдай бастайды. Шейхіміз оларға қаһарлы бір дауыспен: «Бұл не шу? Сөйлеу сендерге бұйырған ба, жоқ әлде бізге ме?» деп айқайлайды. Құрбақалар түгелдей дыбыссыз қалыпты, біреуі де дыбыс шығармаған екен. Шейх

орнынан тұрғаннан кейін көлшіктің жағасына жақындап: «Бұдан кейін болады» дегендей бір ыммен ишара істейді. Сол кезден бастап барлық жәндіктер қайтадан құрылмай бастапты» [2; 134].

Бір шәкірті мынадай жағдайды баяндайды: Мәулана өзінен мол мөлшерде жейтін нәрселерді алып келіп, ол да бұл сұраған нәрселерді көрсетеді. Мәулана бұлардан бір уыстай алып, дорбасына салып, ол жерден ұзай түседі. Оның не істемек екенін білгісі келген бозбала оның соңынан ереді.

«Оның артынан жәймен жүріп келемін, қираған, быт-шыты шыққан жерге келді, жерде бір ұрғашы ит жатқанын көрдім. Мәулана барлық алып келген жейтін азығын оған берді. Бұл мейірімділік пен жанашыршылықты көріп, қайран қалдым. Мәулана: «7 күн бұл бейшара хайуан ешнәрсе жемеген әрі күшіктерін де тастап кете алмаған. Алла оның ыңырсыған дауысын маған жеткізіп, оны жұбатуды әмір етті» [2; 294] деп, жағдайды түсіндірді.

Тек қана кішкене қайырымдылық істері туралы, сол кездегі бүкіл жаратылысқа жолдаған бір қасиетке ишара еткен бұндай мысалдарды көптеп айтуға мүмкіндігіміз бар. «Барлық дүние тек бір затты ортаға шығарған ұсақтардан құрылған» дейтін. Мәулана да Хазіреті Пайғамбарымыздың мына хадисінде бұйырғаны сияқты: Ұлы Раббым! Үрім-бұтағымды өзің басқар, себебі олар білмейді». Үмбетім сөзінен бір-екі ұсақ түсінік қана шығады. Себебі, адал еместер бұл ұсақтардың ішінде ойланбаса — бүтіндік сақталмайды» [2; 126].

Ол әрқашан да өте кең мейірімділіктің алды болған. «Фихи Мафикте: «Ізденіс жолдары әр түрлі, бірақ, ізделетін нәрсе — біреу», – дейді. Меккеге баратын жолдардың неше түрлі болғандығын көремісің? Біреуі Византиядан, енді біреуі Сириядан және осылайша, басқа жолдар не құрлықтан немесе теңізден өтеді. Нәтижесінде жолығысатын бұл жолдардың қашықтығы әртүрлі, бірақ, соңына түскен уақытта, тартыстар мен көзқарас айырмашылықтары тарқайды, себебі, көңілдері бірлеседі. Көңілдің бұл толқуы иман да, имансыздық та емес ғашықтық» [3; 134].

Мәулана басқа діндерге де мейірімділікпен қараған. Тек өз дініндегілермен ғана емес, араларынан табылған христиандар жағынан да жақсы көрілетін. Ол кезең осындай мейірімділікке қолайлы уақыт еді. Әркім ешбір негізсіз және тартынбастан шейхтің жанынан табыла алатын. Кішкентай екі баласымен қалған, екі әйелінің өлімінен кейін Мәулана Жевхер Хатун есімді, ислам дінін қабылдаған кониялық христиан қызына үйленеді. Одан Малика Хатун есімді қызы және Мұзафереддин Амир Алем атты ұлы болған. Мәулана грек тілін жақсы білген және баласы Сұлтан Веледтің грек тілінде жазған еңбектері де бар. XVII ғасырда Есрар ата өзін Таурат пен Інжіл тәрбиесіне берген. Тариқат әр кезде сенімдеріне құрмет көрсеткен басқа мезхептердің мүшелерін де өзіне ұқсаған бұл фанатиктіктен ұзақ мейірімділікпен өзін ортаға шығарған.

Мәулана ойлау бостандығын қолдайтын және ғалымдардың таяз ақылдылығына және түсіну қабілеттерінің жеткіліксіздігіне еш шыдай алмайтын. Әсіресе, хаттарында және Фихи Мафиһте тариқаттың демократиялық құрылысының және сема төрендерінің сыналғандығы болып табылатын жағдайларда, оны қарсы бағытта көрсеткен жұмыстарының іздері табылады, бірақ халықтың барлығы оған үлкен құрмет көрсетеді. Үлкен қателерге қарсы Кония халқының оған сыйынғандарын да білеміз.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Encyclopedie de L'islam. Tarikat.
- 2 Yazaıcı, T. (1954). A. Eflaki. Ariflerin Menkibeleri.
- 3 Meyerovtch, E. V. (1975). Le Livre du Dedans.
- 4 Gölpinarlı, A. (1953). Mevlanadan Sonra Mevlevilik.

Х.А. Шимшек

Маулевские тариқаты

В статье рассмотрена философия Маулана Джалаладдина Руми и ее влияние на развитие суфизма и мировой культуры. Учение Руми считало поиск Бога и внутренней истины путем любви, смирения и слияния с Богом. Его учения направлены на преодоление эго, открытие сердца и достижение духовного просветления, особенно через танец дервишей, через медитацию, музыку и поэзию. Суфийский мистицизм Руми направлен на укрепление культурных связей двух религий между Востоком и Западом и устранение напряженных отношений. Кроме того, он является важным

элементом исламско-христианского диалога в мире. Поэтическое суфийское творчество Джалаладдина Руми, наполненное глубоким общечеловеческим содержанием своей высокой художественной формы и нравственных ценностей, стало важным элементом не только мусульманской культуры в целом, но и мирового культурного наследия.

Ключевые слова: Руми, суфизм, духовность, любовь, эго, медитация, дервиши, божественность, истина, орден Маулана.

H.A. Shimshek

Maulev tariqats

In the article the philosophy of Maulan Jalaladdin Rumi and its influence on the development of Sufism and world culture was examined. Rumi's teaching considered the search for God and inner truth to be a path of love, humility and merging with God. His teachings are aimed at overcoming the ego, opening the heart and achieving spiritual enlightenment, especially through the dance of dervishes, through meditation, music and poetry. Rumi's Sufi mysticism aims to strengthen the cultural ties between the two religions between East and West and eliminate strained relations. In addition, it is an important element of the Islamic-Christian dialogue in the world. The poetic Sufi work of Jalaladdin Rumi, filled with the deep universal content of its high artistic form and moral values, has become an important element not only of Muslim culture as a whole, but also of the world cultural heritage.

Keywords: Rumi, Sufism, spirituality, love, ego, meditation, dervishes, divinity, truth, order of Maulana.

Автор туралы мәлімет

Хаджи Ахмет Шимшек — философия ғылымдарының докторы, Кастамону университетінің оқытушысы, Кастамону, Түркия; <https://orcid.org/0000-0003-1423-2120>

Information about the author

Haji Ahmet Shimshek — Doctor of Philosophy, Lecturer at Kastamonu University, Kastamonu, Turkey; <https://orcid.org/0000-0003-1423-2120>